

## Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### **Күшін жойған**

Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 07 қарашадағы № 11-681 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылды 28 қарашада № 4019 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 ақпандағы № 02-35 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 05.02.2024 № 02-35 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 7) тармақшасына, "Ата-ана сынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-ана сынның қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына сәйкес, Талғар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін ұйым жұмысшыларының тізімдік санының үш пайзы мөлшерінде пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қыдырбек-ұлы Дарменияр Алғатбекұлына жүктелсін.

3. Аудан әкімінің аппарат басшысы Ашимахун Ахмет Ашимахунұлына осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК